

## Дөңгілағаш ауылының негізгі орта мектебінде 2021-2022 оқу жылында өткізілген тәрбие жұмысының есебі

**Тәрбиенің мақсаты:** Оқушылардың бойына ұлттық құндылықтар мен рухани-адамгершілік қасиеттерді дарытып, жан-жақты дамыған заман талабына сай тұлғаны тәрбиелеу.

Осы мақсатқа жету үшін мектебіміздегі тәрбие жұмысын жоспарлау үшін 2021-2022 оқу жылына арналған 8 бағыттан құрылған тәрбие жоспары құрылды. Тәрбие жоспары кезекті тамыз айының пед. кеңесінде таныстырылып, бекітілді. Сынып жетекшілерге ағымдағы жылғы жұмыстар жүктемелері таныстырылып, бекітілді.

Азаматтық-патриоттық, құқықтық тәрбие бағыты бойынша өткізілген іс-шаралардың бірі – 1 қыркүйек күні 2-9 сыныптар арасында өткізілген «Тәуелсіздік жетістіктері» тақырыбына арналған сынып сағаты болды. Сынып сағатына оқушылар мен сынып жетекшілер ғана қатысты. Еліміздегі Қауіпсіздік шараларын сақтау барысында іс-шаралардың барлығы жыл бойына қашықтықтан ұйымдастыру жоспарланып отыр. Штаттық режимде оқитындықтан «Бір сынып-бір мұғалім» қағидасы сақталу барлық мұғалімдерге жылдың басынан ескертілді. Сынып бөлмелері мерекелік іс-шараға сай безендірілді.

Сынып сағатының мақсаты: оқушыларға Қазақстан Республикасының көп ұлтты мемлекет екендігін және тәуелсіздікті мақтан тұтып, баянды болуына үлес қосу баршамыздың міндетіміз екендігі және тәуелсіздіктің тарихына тоқталу арқылы оқушыларды мемлекеттік құндылықтарды құрметтеуге, мақтан тұтуға тәрбиелеу, қызығушылықтарын арттыру.



Сынып бөлмесі шарлармен безендіріліп, қанатты сөздер ілініп, бүктемелер қойылды. 5,6-сыныпта өткен сынып сағатының барысына тоқталар болсам. Сынып сағаты оқушылардың шаттық шеңберін құру арқылы басталып, әнұран айтылды. Сынып жетекшінің ұйымдастыруымен сабаққа оқушылар өте жоғары қызығушылықпен қатысты.

Мемлекеттік құндылықтар туралы өлең-шумақтар оқылып, өлеңде не туралы айтылғаны жөнінде оқушылардан сұрақ-жауап арқылы толықтырылды.

Қазақстан Республикасының рәміздері, әнұранының жаңартылуы жайлы мағлұмат беріліп, оқушылар тәрбие сағатына арналған өлең-жырларын жатқа айта білді. Одан әрі оқушылардың хормен «Туған жер», Отан, Достық туралы әндері шырқалды.

Сынып сағаты қанатты сөздермен қорытындыланды.

- Еліміздің егемендігі жасай берсін !
- Туы асқақтап, Әнұран шырқалып, келешегі еркіндей берсін!
- Еліміз әрқашан тыныш болсын!

«Қазақстан Республикасы көп ұлтты мемлекет» дей келе мемлекеттік рәміздерді құрметтеу, мақтан тұту, әрбір азаматтың міндеті.

Сынып сағатына қатысқан оқушыларға рақмет айтылды.

Бастауыш сыныптарында балалардың жас ерекшеліктері ескеріліп, сабақ ойын түрі мен топтық жұмыстарға сай таңдалып алынды. Сабақ барысында мұғалімдер балаларға сабақтың тақырыбын ойын түрінде ашып, талдап, түсіндірді. Сабақ жоспарға сай, тартымды өткізілді. Мектебіміздің 7,8-сыныптарында балаларға сабақ лекция түрінде берілді. Балалар бірнеше мәліметтерді алып, сонынан түсініктерін сұрақ-жауап әдісі арқылы көрсете алды. Мұғалім өз мақсатына жетіп, тақырыпты кеңінен аша алды. 9-сынып үшін сынып жетекшісі Капезов С.А. дамытушылық сабақ түрін таңдап алып, өткізді. Сабақ өте қызықты және түсінікті түрде өтті. Сабақтың негізгі мақсатқа жетті. Балалар өз ойларын ортаға салып, тақырыпқа сай ой толғауларын жазып, сабақты аяқтады.

Білім күніне арналған салтанатты саптүзеуге жауапты мұғалім Калиева Г.Т. болып бекітілді және жоспар құрылды. Безендіру жұмысы тәлімгер мен тәрбие ісінің орынбасарына жүктелді. Мектептің сырты мен сыныптар іші мереке күніне сай безендірілді. Саптүзеу тек 1-сынып табалдырығын алғаш аттаған оқушыларға ғана арналды. Биылғы оқу жылының ерекшелігінің бірі Әліппе оқулығының оқушыларға қайта оралуымен есте қалды, салтанатты іс шрада оқулық әр оқушыға салтанатты түрле табысталды. Білім күніне арналған іс шаралардың өтілуі әлеуметтік желілерге салынып, жүктелді.

[https://www.instagram.com/p/CTRzv8eM7iH/?utm\\_medium=copy\\_link](https://www.instagram.com/p/CTRzv8eM7iH/?utm_medium=copy_link)

«Мектепке жол» қайырымдылық акциясы 1 тамыз бен 30 қыркүйек аралығында

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі кезекті жаппай оқу айлығы мен «Мектепке жол» қайырымдылық акциясын өткізілді.

ҚР «Білім беру туралы» заңына сәйкес, жаппай білім берудің негізгі мақсаты – Қазақстандық барлық балалардың тегін орта білімге қол жеткізу құқығын қамтамасыз ету.

Акция шеңберінде аз қамтылған және көпбалалы отбасылардан шыққан балаларға, жетім балаларға және Қазақстан Республикасы заңнамасымен анықталатын басқа да санаттағы балаларға жаңа оқу жылына дайындық қарсаңында материалдық көмек көрсетіледі.

Осы заңнаманы іске асыру мақсатымен біздің

мектебімізде «Қамқорлық» қайырымдылық акциясы жүргізілді.

Осы акция барысында мектепшілік бұйрық шығарылып, жоспар құрылып, акция бұрышы жасалды.

Жасалған акция бұрышына «Қамқорлық» қайырымдылық акциясына қатысты мәліметтер ілінді. Бұл өткізілген «Қамқорлық» қайырымдылық акциясына мектеп мұғалімдерінің түгел қатысуымен өткізілді. Өздеріне тиісті шағын аудандарды, яғни мұғалімдер аралап мектептен тыс қалған балалардың жоқтығы анықталды. Сабаққа келмей, оқумен қамтылмай жүрген оқушылар жоқ.

Әлеуметтік жағдайы төмен отбасылар жоқ екендігі анықталды. Көпбалалы отбасыларына барып, жағдайларымен танысып, үй актісі жасалынды.

Жалпыға міндетті оқу айлығы мен «Қамқорлық» акциясын өткізуге мектеп мұғалімдері мен оқушылары және ата-аналарда ат салысып түгелдей тегіс қатысып тұрады.

Қыркүйектің 10-і күні мектебіміздің жоғарғы сынып оқушыларының жиыны өтілді. Аға тәлімгер Бекешова А.С. жиын барысында оқушылардың ұйымының жылдық жұмыс жоспарларымен және міндеттерімен таныстырып өтті. Жоғары сынып оқушыларынан құралған «Мектептегі өзін-өзі басқару» ұйымының фракция жетекшілері мен мүшелері тағайындалып, қоғамдық жұмыстар мен тапсырмалар жүктелді.

13.09.2021 дейін 5-9 сынып оқушылары арасында «Сайлау» акциясы ұйымдастырылды. 2021-2022 оқу жылының Ұланбасшысы болып 8 сынып оқушысы Корданбаева Жанар бірауыздан тағайындалды.

15.09.2021 ж. күні аға тәлімгер Бекешова А.С. «Жас ұлан» және «Жас қыран» ұйымдарының белсенділерін тағайындап жиын өткізді. «Жас ұлан» және «Жас қыран» ұйымдарының - кеңесі барысында міндеттері оқылып қоғамдық тапсырмалар бекітілді.



Денсаулық фестиваліне арналған «Денсаулық-зор байлық» атты ауызша журнал өткізілді. Спорттық жарыстар: мұғалімдер мен оқушылар арасында волейболдан, үстел теннисінен, баскетболдан сайыс өткізілді. Іс-шара таза ауада ұйымдастырылды.



Тәрбие жұмысының басым бағыттарының бірі ұжымдық-шығармашылық іс болып саналады. Мектепте келесі іс-шараларды жүргізу дәстүрге айналды:

«Орынды тамақтан, спортпен өмір сүр, денсаулығыңды сақта!» ұраны негізінде «Денсаулық Фестивалі» өтілді. Ауылдың медбикесі келесі тақырыптарда оқушылармен әңгіме жүргізді: «Дұрыс тамақтанудың 9 қағидасы». Мектеп кітапханашысы «Әдемілік және денсаулық үшін пайдалы кеңестер» атты кітап көрмесін ұйымдастырды.

Отбасы күніне арналған іс-шараларға жауапты мұғалімдер бекітілді. Қазақстанда Отбасы күнін тойлау отбасы, адамгершілік, рухтандырушылық институтының нығаюына, жауапты зайыптылықтың маңыздылығын танып-білуге үлес қосады.

Отбасылық құндылықтарды, жауапкершілікті дәріптеу, әсіресе, отбасылық-демографиялық саясатты құрайтын көпбалалық аспектісі – басты мемлекеттік міндеттердің бірі болып табылады.



«Мен Отбасым» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді.





Мектебіміздегі «Болашақ»балалар ұйымының жоспарлары талқыланып, бекітілді. Отырыстарының тақырыптары анықталып, Қыркүйектің 6-сы күні балалар ұйымының сайлау күні болып бекітілді.Бұл күні оқушылар балалар ұйымының президентін сайлап алды.Президенттікке үміткерлердің ішінен көп дауыспен 9 сынып оқушысы Мырзағали Мейірлан сайланды. Сайлау жабық түрде ұйымдастырылып, өткізілді. Сайлау соңынан оқушылардың қатысуымен шағын концерт қойылды.

«Жас ұлан»ұйымының белсенділерінің қатысуымен мектеп алаңындағы гүлдердің тұқымдары жинап алынды және сынып бөлмелеріне гүлдер отырғызу акциясы өткізілді. Акция барысында оқушылар мен биология пәнінің мұғалімі бөлме гүлдерін егу жолдарын бастауыш сыныптарға көрсете отырып,отырғызды. Негізгі мақсаты балаларды еңбекке баулу және бөлме гүлдерін күте білуге тәрбиелеу.

Мектебімізде даярлық сыныпты қосқанда қосылған сыныптардың саны алтау болып бекітілді. Осы сыныптарға сынып жетекшілер бекітіліп, мектептің жылдық тәрбие жұмысымен сайкестендіріліп, сыныптардың тәрбие жұмыстары талқыланып,бекітілді.

Сыныптың тәрбие жұмысының жоспары 8 бағыт бойынша құрылып,бекітілді. Мектептегі мұғалімдер санының аздығы жылдық жұмыстарды ақсатпау үшін, жылдық жоспармен сайкестендірілді.Сынып жетекшілердің отырысында жылдық жоспар талқыланып,таныстырылды және жауапты мұғалімдер бекітілді. Жоспарды талқылау барысында айлық басқару мен бақылауларға тоқталып, таныстырылып отырды.Осы айда жоспарланған сынып сағаттардың бірі-аналар күніне арналған ашық сынып сағаттар болды. Мектебіміздің 2,4-сыныптарында аналарға арналған «Асыл жан»атты кездесу сабағы өткізілді. Сабақтың барысында сынып жетекшісі Калиев Гульсум Талапқызы «Асыл жан-ол менің Анам» тақырыбына түсірілген видеосы арқылы әр баланың күнделікті айталмайтын ішкі сезімдерін аналарына тыңдатты. Балалардың түсірген видео роликтері қашықтықтан аналарына тыңдатылды. Осындай жаңашыл әдістер арқылы сабақты түрледіре түсті. Сабақ өз мақсатына жетіп, аналар балаларына баталарын беріп, ризашылықтарын білдірді. Бұндай сынып сағаттары 5,6-сыныптарда да,жоғары деңгейде өтті. 3-сынып жетекшісі Жакупова Сәуле Тоқпайқызының ұйымдастыруымен өткізілген сабақ аналар үшін тосын сый сабағы болды. 7,8-сыныптарда өткен сабақта өз мақсатына жетті және өте мағыналы диспут сабақ болды деп айтуға болады. Осындай сабақтар арқылы балалардың бойына үлкенге құрмет пен отбасылық құндылықтарды қадірлей білуге тәрбиелеу жүзеге асатыны белгілі.Аналар күніне арналған сабақтың көрінісі.



[https://www.instagram.com/dongulagash\\_nm/p/CUWoakSs\\_A1/?utm\\_medium=copy\\_link](https://www.instagram.com/dongulagash_nm/p/CUWoakSs_A1/?utm_medium=copy_link)

### **Тіл мерекесінің онкүндігіне орай өткізілген іс-шаралардың есебі**

Дөңгілағаш негізгі мектебінде Тіл мерекесіне орай 6-қыркүйектен 16-қыркүйек аралығында онкүндік аталып өтілді. Онкүндікке арналып іс-шаралар ұйымдастырылып мектеп оқушылары барлығы бір жұдырықтай жұмылып қатынасты. Іс-шаралардың барлығы дерлік қойылған өз уақытымен тиянақты әрі қызықты өткізілді. Онкүндіктің алғашқы күні тілдер онкүндігінің ашылу салтанаты өткізілді. Ол іс-шараға 1-9 сынып оқушылары қатысты және алдағы жасалатын жұмыстар жоспары таныстырылды. Апталықтың екінші күнінде 6-қыркүйекте «Достықтың терең тамыры» деп аталатын тақырыпта өзге ұлт өкілдерімен кездесу болып өтті. Бұл іс-шараға 1-9 сынып оқушылары қатынасты. Бұл іс-шаралармен қатар «Ана тілім-асыл қазынам» деген тақырыпта шығарма байқауыда өтті. Бұл шығарма байқауына жоғарғы сынып оқушылары белсене қатынасты. 8-қыркүйек күні «Тіл-аса қадірлеп ұстайтын байлығымыз» тақырыбында 5-9 сынып оқушыларының арасында дөңгелек үстел болып өтті. Дөңгелек үстел оқушылар үшін қызықты да жақсы дәрежеде өтті. Оқушыларды қазақ тілінің қадір-қасиетімен, жас ұрпақты ұлтжандылыққа, Отан сүйгіштікке баулу мақсатында аталып өтті.



15-қыркүйек «Әлем ұлттарының ойындары» тақырыбында онкүндікке арналған әр ұлттардың ойындары ойналды. Ол іс-шараға 5-9 сыныптар толық тиянақты, белсенді ат салысты.

16-қыркүйек 5-9 сыныптар арасында ағылшын тілі пәнінен сыныптан тыс іс-шара өтті. Оқушыларға ағылшын тілінің қызықтарымен ағылшын халқының тарихынан мәліметтер берілді. Оқушыларға ағылшын тілінде ойындар ойнатылып, шаттық шеңбері ойнатылып, қызықты сұрақтар қойылды. Тіл мерекесіне орай онкүндікте «Ана тілім» тақырыбында мәнерлеп оқу сайысы өтті. Ол іс-шара 1-4 сыныптар арасында өткізілді. Бұл іс-шараға бастауыш сынып оқушылары өздерінің тілге қатысты жаттаған жаттауларымен сайысқа түсті. Барлық оқушы бұл іс-шараға түгелімен қатынасты. Тіл мерекесінің онкүндігіне соңғы күнінде апталықтың жабылу кешінде үш тілдік сайыс түрінде іс-шара болып өтті. Бұл іс-шараға 5-9 сынып оқушылары ат салысты. Іс-шара үш тілде жүргізілді. Міне, осылайша мектебімізде Тіл мерекесіне орай көптеген іс-шаралар аталып өтілді. Мектеп оқушылары барлық іс-шараларға белсенді қатынасып өз тілдерін құрметтей білетіндерін, сонымен қатар өзге тілді де жетік меңгергендерін осындай іс-шараларда дәлелдей білді. Жас ұрпаққа саналы тәрбие берумен қатар, білімді ұрпақ етіп шығару біздің, ұстаздардың басты міндеті деп білеміз.

«Абайлаңыз, балалар!» акциясын өткізу үшін мектебімізде жоспар құрылып, жоспар бойынша жұмыстар жасалды. Жоспарланған жоспар негізінде «Жол ережесін

бұзбандар!» және «Абайлаңыз,балалар!»атты үнпарақтар таратылды. Балалар ауылдағы жеке көліктері бар жүргізушілерге үнпарақты таратып шықты.

«Сен жаяу жүргіншісің»тақырыбына балаларға баяндама оқылып,соңынан қорытынды сұрақтарға жауаптар алынды.

Басқару мен бақылау жұмыстары бойынша қыркүйек айында 1-9 сыныптардың оқушыларының оқулықтары тексеріліп,ескертулер сынып жетекшілерге таныстырылды. Сынып жетекшілердің тәрбие жоспарларының ,сынып журналдарымен сәйкестіктері тексеріліп,сынып жетекшілеріне таныстырылып, ескертулермен жұмыстар жасалды. Жас мамандарға көмектер көрсетіліп,түсіндірілді.

Мұғалімдер күнінің өтуіне арнап жоспар құрылды. Жоспардың кестесі төменде көрсетілгендей бекітілді.

№	Іс-шараның тақырыбы	Уақыты	Жауапты
1	<i>Өзін-өзі басқару күні</i>	<i>04.10.</i>	<i>Бекешова А.С.</i>
2	<i>Мерекелік концерт</i>	<i>04.10.</i>	<i>Жолдаңғарова А.А.</i>



Жоспар бойынша «Болашақ» балалар ұйымының мүшелері мен 9-сынып оқушылары бір күндік өзін-өзі басқару күнін өткізді. Өзін-өз басқару күнінің мақсаты оқушылардың өздерін-өздері басқара білулерін жетілдіру. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін бастауыш сыныптарға

8-сыныптың оқушылары мұғалім болып бекітілді.Қалған сыныптар мен ұстаздардан құрылған сыныпқа 9-сынып оқушылары сабақ берді. Сабақтар басталмас бұрын мектептің барлық оқушылары мектеп ұстаздарын мерекелерімен құттықтап, тілектерін білдірді. Мектеп дәлізінде мерекелік көңіл күй ұйымдастыра білген оқушылар өздерін тәртіпті ұстай білді. Өзін-өзі басқару өте жақсы деңгейде ұйымдастырылды деген баға қойылды.

Жоспарланған жоспардың келесі іс-шарасы бойынша мектеп ұстаздары мен оқушылары Жолдаңғарова А.А. ұйымдастыруымен ұстаздарға арналған мерекелік концерт қойылды. Мектептің іші мерекеге сай безендірілген. Бастауыш сыныптың оқушылары концерттің шымалдығын ұстаздарға деген өлең-жырларын оқумен ашты. Әрі қарай жоғарғы сынып оқушылары өз өлең-жырлары мен билерінен құрылған арнауларын ұстаздар қауымына арнады. Мектептің болашақ түлектері 9-сынып оқушылары ұстаздарға арнап дайындаған ойындарын ойнатып,мерекелік кешті одан сайын ажарландыра түсті. Мерекелік кештің соңында мектептің ата-аналар комитетінің атынан ата-аналар құттықтау тілектерін айтып, ұстаздардың ерен еңбектеріне деген жылы лебіздерін білдірді. Осындай мерекелік іс-шарада мектеп ұжымымен бірлесіп жұмыс атқарып келе жатқан мәдени ошағының меңгерушісі де, қалыс қалмай ұстаздарға деген құттықтауын ән арқылы жолдай білді.

Оқу жылының басында мектептегі оқушылар, ұстаздар, қызметкерлер техника қауіпсіздігі ережелерімен толықтай танысып, қол қойды.

Шаруашылық ісінің меңгерішісі Турлубекова Р.А. –өрт қауіпсіздік ережелерін сақтау туралы ережелермен таныстырып қол қойды.



Еңбекке баулу пәнінің мұғалімі Иватқызы Г. мен информатика пәнінің мұғалімі Канафина А жұмыс барысындағы қауіпсіздік ережелерді сақтау туралы ережелермен таныстырып, қауіпсіздік шараларымен таныстырды.

Тәрбие ісінің меңгерушісі Калиева Г.Т. оқушыларды, ата-аналарды төтенше жағдайдың алдын-алу, қауіпсіздік ережелерін сақтау, жол-көлік оқиғаларын мұздағы, судағы, зиянды заттардың адам денсаулығына қауіптілігін болдырмау мақсатындағы қауіпсіздік жөніндегі ережелермен таныстырып, баяндамалар оқыды. Ай бойына апта сайын таза бейсенбілік күні ұйымдастырылып, уақытылы сынып іштері мен дәліздер тазаланып, оқушыларды тазалық пен ұқыптылыққа баулу көзделіп, өткізіліп тұрды. Осындай жұмыстар арқылы оқушыларды еңбекке баулып, өз-өздеріне қызымет жасай білуге тәрбиелеу көзделген.

«Ұлылардың ұлысы -Абай» кітаптар көрмесі ұйымдастырылып өткізілді.



### **Қарты бардың – қазынасы бар.**

*Мақсаты:* оқушы бойына халқымыздың асыл қасиеттерін сіңіру, үлкенді сыйлау, өз ата – бабасын ұмытпай сақтау үшін және салт – дәстүрден нәр алып өсуіне, инабаттылыққа, жақсы мен жаманды ажырата білуге аталы сөзден ғибрат алуға тәрбиелеу.

Жылына бір рет келетін 1 қазан Қарттар күнімен құттықтай отырып, 26-қазанда өзіміздің Дөңгілағаш ауылында «Қарттарым асыл қазынам» атты мерекелік кеш қашықтықтан ұйымдастырылып, өткізілді. Бұл кештің ашылу салтанаты мерекелік концертпен басталды.



Қарттар айлығының аясында «Жақсылық жасап жарысайық!» камқорлық акциясына оқушыларымыз өз еріктерімен қатысып, жалғыз басты Зебер әжеміздің батасын алып, тарқасты.



«Қарттарым –асыл қазынам» тақырыбында мектебіміздің барлық сыныптарында сынып сағаттары жоспарлы түрде өткізілді.



Қазан айында «Қарттарын қадірлеген ел ардақты»тақырыбында мерекелік іс-шара ауылымыздың ата-әжелеріне қашықтықтан жолданды, мектеп оқушыларының өнерін ата-әжелеріміз тамашалап, бір қуанып қалды. Өз өнерлерін биші қыздарымыз да, әнші балапандарымыз да көрсетуге қысылмай ата-әжелерімізді таңқалдырды.



Қазан айында мектеп ұжымының толық қатысуымен «Қазақстан мен Ресей арасындағы форум» теледидардан тыңдалып,талдау жұмысы өткізілді.



Қазан айында кітапханашының ұйымдастыруымен кітаптар акциясы өткізілді.




Ыбырай Алтынсариннің 180 жылдығына арналған «Кел,балалар оқылық»тақырыбында библиокросс ұйымдастырылды.



Оқуға құштар мектеп жобасының аясында «Ертегі айтып үйренейік» оқуы жоспарланып өткізілді.



Оқушылардың қауіпсіздігін сақтау мақсатында мектебімізде «Электр қауіпсіздігі»тақырыбында түсіндірме жұмысы ұйымдастырылды.



Оқушылардың жол тәртіптерін сақтап, өз өмірлерінің қауіпсіздігін ұстана білуге тәрбиелеу мақсатында «Жол ережесін білу өмір қауіпсіздігі» тақырыбына мектебіміздің тәлімгері тәрбие сағатын өткізді. Тәрбие сағатының барысында мұғалім балаларға ойындар мен жұмбақтар жасырып, суреттер салғызды. Бастауыш сынып оқушылары ойын барысында бағдаршамның қандай түсіне жүріп, қандай түсіне жүрмеу керектігін игерді. Жол белгілерінің топтарына тоқталып, суреттер арқылы оқушыларға көрсетіп, түсіндіріп өткен мұғалім, балаларға белгілерге байланысты түсініктерін тексеру үшін сурет салу тапсырмасын беріп, қорытып отырды.

Күзгі мерекелік «Алтын күз» кеші өткізілді. I-шара өте жоғарғы деңгейде өтті, өз мақсатына жетіп, оқушыларды қызықтыра білді.



Оқушыларға құқықтық тәрбие беру мақсатында «Балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық пен балалардың құқықтары туралы Конвенцияның негізгі ережелері» туралы сауалнама алынып, қорытындысы жасалып, олқылығы бар жерлерімен жұмыс жасау жоспары жасалды. Қазан айындағы жоспарланған бақылау мен басқару ісінің қорытындысына тоқталар болсам, жоспарланған тексерулер уақытылы, кесте бойынша өткізілді. Қорытынды жасалып, ескертпелер тиісті сынып жетекшілерге жазбаша түрде таныстырылды. Сынып жоспарлары мен сынып журналдарының сәйкестігін бақылау жоспарланан болатын. Тоқсанына бір рет бақыланатын сынып жиналысының өткізілу деңгейіде бақыланып, қорытынды жасалды.

1-9 сыныптардың сынып жетекшілер І тоқсанның аяқталуына орай сынып ішілік ата-аналар жиналыстарын өткізді. Ата-аналар жиналыстары әртүрлі үлгіде, қашықтықтан жүргізілді. Кейбір сынып жетекшілер сынып ішілік ата-аналар жиналыстарында ата-аналарға балаларының мектеп өміріне, қоғамдық іс-шараларына қаншалықты араласатынын, тәртіптері, оқу үлгерімдері туралы мәліметтер берді. Ата-аналар жиналыстарында қазіргі таңдағы маңызды мәселелер жайында баяндамалар оқылып, әртүрлі тақырыптарда практикалық тапсырмалар орындалды. Сынып жетекшілер ата-аналар жиналыстарының хаттамаларын уақытында толтырған. Барлық сынып жетекшілерде І тоқсанның аяқталуына орай өткізген ата-аналар жиналыстарының хаттамалары толықтай бар. Талапқа сай, күн тәртібіндегі мәселелер бойынша жазылған.

Күзгі демалыс кезіндегі оқушылардың қауыпсіздігінің алдын алу мақсатымен «Мұздағы қауыпсіздік» тақырыбына қысқаша есте сақтау керек атты ескертпелер оқылып, таратылды. Ауа-райының төмендеуіне байланысты температуралық кестеде таныстырылып, ескертілді.

Күзгі демалыс уақытында оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану үшін жоспар құрылып, сынып жетекшілерге таныстырылды.

«Шебер қолдар» тақырыбында қолдан бұйымдар жасауы сияқты тақырыптар қойылды, демалыс іс шаралары қашықтықтан ұйымдастырылды.



Қараша айында аудандық білім бөлімінің нұсқауымен өткізілген кезектен тыс ата-аналар жиналысы өткізілді. Мектепшілік қашықтан өткен жиналыстың тақырыбы «Балаларды интернет тәуелділігінен қорғау, қауіпті алаяқтық ойындардан сақтау». Осы тақырып жөнінде ауқымды слайд пен видео ата-аналардың назарына ұсынылып, тақырып қызу талқыланды.



Жиналыс барысында Калиева Гүлсім Талапқызы «Жаман әдеттерден сақтаудағы ата-ананың рөлі» - баяндамада отбасындағы, қоғамдағы қоршаған ортадағы тәрбие жөнінде кеңінен баяндады. Тәрбиенің басты құндылығы адам. Адамды тәрбиелеудің сара жолдары сан алуан екенін, оны сан-салалы жолдармен таныстыра отырып, тәрбиенің басты ерекшелігі Ұлттық тәрбиеде екенін, ұлтымыздың бай мол, қажетті тәрбие теориясын бойына сіңіріп өскен жас ұрпағымыз, болашақта іргелі елдің тірегі бола білетіні нақты дәлел. Қазіргі заманның жылдам дамуына байланысты жас ұрпақтың санасына жат қылықтардың белен алуына байланысты, наркомания, ерте жүктілік, алкогольдік ішімдіктерді ерте жастан пайдалану мектеп жасындағы балалардың бойынан табылып жатқанына тереңірек тоқталып, мысалдармен дәлелді түрде ата-ана санасына жеткізе отырып, осының барлығына себебі баланың бос уақыты дұрыс ұйымдастырылмағандығы мен ғаламтор жүйесін шектеусіз қолдануы да әсер етілетіні айтылып өтті. Бұдан соң баяндамада ұлттық тәрбие жөнінде және жалпы тәрбие жөнінде ұлы даналардың нақыл сөздерін айтқан шешендік үлгілерінен мысыл келтіре әңгімеледі. Б. Момышұлы «Тәрбиетуралы бесік жырын айта алмаған анадан, балаға ертегі айта алмаған әкеден қорқамын» дегені бекер емес. Баяндама хаттамаға қоса берілгендіктен қысқа-нұсқа түсірілді. Қараша айының 14-і күні «Қыс мезгіліндегі қауіпсіздік ережелері» тақырыбында қашықтықтан түсіндіме жұмыстары өткізілді.





Қарашаның 15-і күні бастауыш сыныптарының арасында «ҚР. Рәміздерін білесің бе?» атты сайыс ұйымдастырылды. Сайыстың барысында оқушылар екі топқа бөлініп еліміздің рәміздерінің авторлары мен мағынасына сай сұрақтарға жауап берді және эсселер жазып, сайысты. Сайыстың қорытындысы бойынша екі топтың да ұпайлары бірдей болды. Жауапты мұғалімдер оқушылардың білімдерін жетілдіру мақсатымен қосымша деректер беріп отырды.

Қараша айының 26-ы күні кітапханашының ұйымдастыруымен «Өрт- тілсіз жау» тақырыбында қойылым қойылды.



Қараша айында аудандық жоспарға сай «нашақорлық пен темекіден сақтан!» тақырыбына апталық жоспарланып, өткізілді. Апталықтың барысында «Темекісіз өмір-үнемді өмір» атты пікірталас ұйымдастырылды. Оқушыларға темекінің зияны айтылып, қорғану жолдары яғни кеңестер берілді. Ауылдық мед. бөлімшесінің қызметкерімен кездесу ұйымдастырылып, оқушыларға қосымша материалдар берілді. Балалар өздерін қызықтырған сұрақтарға жауаптар алып, ойындар ойнады. Мектебіміздегі наркобекеттің мүшелерінің ұйымдастыруымен тренингтер мен сауалнамалар алынды. Сыныптар үшін сынып сағаттары өткізіліп, деректер беріліп, зиянды әдеттерден аулақ болуға шақырды. Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі «Тәні саудың-жаны сау» тақырыбымен спорттық сайыс өткізілді. Сонымен қатар мектебімізде «Нашақорлық шын қорлық» тақырыбында суреттер көрмесі ұйымдастырылды, шығармалар жазды.

Газеттер шығарылды, сонымен бірге жоспар бойынша жоспарланған жұмыстар толығымен орындалды.

Қорыта айтқанда, мектепте оқушыларды жаман әдеттен аулақ болуға үйрету мақсатында үзбей әртүрлі жұмыстар жүргізілді. Алдағы оқу жылында да осындай жұмыс түрлерін кең көлемде жүргізу жоспарланып отыр.

Еңбек және экономика тәрбиесін жетілдіру мақсатында бастауыш сыныптар үшін «Еңбек бәрін де жеңбек» тақырыбында тәрбиелік сағат өткізілді. Оқушылар еңбек арқылы неге қол жеткізуге болатынына жауап бере отырып, өлең-жырларын айтып, мамандық түрлерін таныстырып өтті. Тәрбиелік сағат өте жақсы өтті, ата-аналар өз мамандықтары туралы ортаға салып, қоғамға деген пайдаларын айтып берді.

Қараша айында «Зорлықсыз балалық шақ» атты айлық жоспарланып, өткізілді. Оқушыларға зорлықсыз өмір сүру үшін нені білу керек деген сұраққа жауаптар алынды. Балалардың құқықтарымен таныстырылып, заңнан түсініктер берілді. Барлық сыныптар үшін сынып сағаттары өткізілді. Осы тақырыпқа байланысты көптеген іс-шаралар болып өтті. Соның ішінде өткен іс-шараның бірі «Қатыгездік пен зорлықсыз әлем құру» тақырыбында шығарма жазу жұмысын жүргіздім.

Шығарма жазу негізінен 5-9 сынып арасында өтті. Сынып оқушылары түгелімен қатынасты. Сол жазған шығармалары тақырыпқа сай жазылып әр оқушы өздерінің пікірлерін толығымен жүйелі және сауатты жазып берді.

Көптеген оқушылар негізінен қатыгездік дегеніміз не? Қатыгездік іс-әрекетіне нелер жатады? деген сұрақтар төңірегінде жазды. Қатыгездікті болдырмау үшін не істеу керек деген сұраққа да өз пікірлерін толығымен жазып берді.

Жалпы шығарманы тексере отырып ең жақсы ең үздік жазылған шығарманы атап өтсем ол 8-сынып оқушысы Жолдаңғар Шыңғысхан деген оқушының шығармасы өте жақсы жазылған. Негізінен шығарма жазу оқушылар үшін өте қажет деп ойлаймын. Өздерінің ойларын қағаз беттеріне түсіре отырып шығармаларын жазып жақсы деген нәтижеге ие болды. Жалпы шығарма жазу оқушылар арасында жоғары деңгейде болып өтті.

Мектебімізде тәртіп-бұзушылықтың алдын алу шараларына арнап жоспар құрылып, сынып жетекшілері таныстырылды. Әр сынып бойынша тәрбие жұмысы жоспарының салауатты өмір салтын насихаттау бағытына енгізілді. Сынып жетекшілерінің әдіс бірлестігінде сынып бойынша тәрбие жұмысының жоспары бекітілді. Мектеп бойынша 30 оқушының барлығы дерлік осы іс-шараларға қатысады. Мектепте өрескел мінез көрсетіп, жаман қылық жасаған оқушы жоқ. Мектепшілік бақылауда тізімде тұрған оқушы жоқ. Түнгі тексерістердің кезекшілік графигі құрылып, жауапты сынып жетекшілеріне таныстырылды.

Қараша айының 26-ы күнінен бастап мектебімізде «Тұңғыш президент» күніне сынып сағаттары жоспарлы түрде өткізілді.



«Тұңғыш президент күні» тақырыбында кітаптар көрмесі өткізілді.



Аудандық білім бөлімінен келген аудандық жоспарға сүйене отырып, мектепшілік жоспар құрылып, жауапты мұғалімдер бекітілді.

Қарашаның 27-і күні 5-9 сынып оқушыларының қатысуымен «Қазағымның мақтанышы» атты суреттер байқауы ұйымдастырылды. Сурет пәнінің мұғалімі Қабыл А. жауапкершілігімен өткен байқаудың қорытындысы бойынша жақсы салынған суреттер таңдап алынып, мақтау қағазымен марапатталды. Жеңіп шыққан суреттер мектеп ішінде ілінді.



Қарашаның 28-і күні «Біздің Елбасы» тақырыбында мектебімізде мәнерлеп оқу байқауы өтті, жауапты мұғалім бастауыш сынып жетекшісі Жакупова Сәуле Тоқпайқызы болды. Байқауды мұғалім өз кіріспе сөзімен бастады. Келесі кезек оқушылардың жаттап келген өлеңдерін оқуға берілді. 7-сынып оқушысы Аптарова Ақеркенің оқыған өлеңі ауқымды болды. Ал өлеңді оқу нақышы басқа оқушылардан жақсы, бірақ әлі де болса артистік, дауыс ырғағын келтіруді жетілдіру керек екені байқалады. Сонымен қатар өз өлеңдерін бастауыш сынып оқушылары Уразов Р. 4-сынып оқушысы оқып берді. 1-сынып оқушысы болса да жоғары сынып оқушыларымен салыстырғанда көлемді өлең жаттап келгені үшін мақталды.





Дөңгілағаш негізгі мектебінде бірнеше жылдан бері ата-аналар комитетімен тығыз байланысып, жұмыс істеуде.

Ата-аналар комитетінің міндеті мектеп мұғалімдермен, сынып жетекшілерімен бірлесе отырып әртүрлі жұмыстар жүргізу арқылы бала тәрбиесіне ат салысу.

Тоқсан сайын, яғни осы уақытқа дейінгі аралықта жоспарланған жалпы мектептік ата-аналар жиналыстары өткізілді және жаңа технологияларды пайдалана отырып, жиналысты түрлендіріп өткізуді негізгі мақсат ретінде қойып, өткіздім және жиналыс барысында оқушылардың оқу көрсеткіші, тәртіптері, сабаққа қатысуы жайлы ата-аналар жиналысы өтіледі. Ауданнан келген нұсқаулықтармен және білім заңындағы өзгерістермен ата-аналарды жиналыс барысында таныстырып, құлақдар еттік. Ата-аналармен қарым-қатынасты нығайту мақсатымен ашық есік күндеріде жоспарланып, ата-аналарға таныстырылып, кездесулер өткізіліп тұруда.



Мектептің кіре берісіне Қазақстанның мақтанышы болған «Алтын адам» мен «Бәйтерек» монументінің суреті ілініп, жарықпен безендірілді. Мектеп ішінде

Президентке арналған кітаптар көрмесі мен Қазақстанымның Тұңғыш Елбасы атты стенд жабдықталды.

ЖҚТБ-ға қарсы күрес күні. Осы атаулы күнге орай айлық жұмыс жоспарланып, іс-шаралар ұйымдастырылды. Айлық өткізуге жауапты сынып жетекшілер. Жоспар бойынша алдын алу шаралары жүргізілді. Соның бірі ЖҚТБ жайында сынып сағаттарын сынып жетекшілер өткізді. Оқушыларға қазіргі таңдағы болып жатқан емі жоқ ауырудың бірі-ЖҚТБ туралы көптеген мәліметтер берілді. Сонымен қатар «Өмір тұзағы -СПИД» тақырыбында ашық тәрбие сағаты өткізілді. Жауапты 8-сынып, ашық тәрбие сағаты тақырыпқа сай, анық, әрі мазмұнды өтті. Сабақ соңында видео фильм көрсетілді. Оқушылар ЖҚТБ туралы көп мағлұматты көңілдеріне тоқып, одан аулақ болуға ой түйгізген маңызды мәселе мағыналы дәрежеде өтеді деп сенеміз. Айлықтың соңында «Біз СПИД-сіз өмір калаймыз» тақырыбында 7-8 сыныптар арасында кеш өткізілді. Кешке жауапты «Болашақ» балалар ұйымы. Кеш қызықты, тартымды өтті.

Қазақстанның тәуелсіздіне 30 жыл толуына орай арналып құрылған іс-шаралардың есебі

Мақсаты : Оқушыларға қазақтың басын қосқан ұлы хан туралы деректер бере отырып, қазақ тарихын талдап, түсіндіру.

Тарихтағы ұлы тұлғалардың ерлігін үлгі тұтатын, ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеу .

Осы мақсаттарға қол жеткізу үшін мектеп ішінде жоспары құрылып, бекітілді. Жоспар жауапты мұғалімдер мен оқушыларға таныстырылып, әдістемелік көмектер берілді.

Сынып сағат барысында балаларға қазақ хандығы туралы қысқаша деректер таныстырылды. суреттер көрсетіліп, талдаулар жасалды.

Әр сынып сағаттарында қазақ хандығына арналған сынып сағаттары өткізілді. Сынып сағаттарға сыныптар бір-біріне қонақ ретінде қатысып, пікірлесіп отырды.



Ай бойы мектептің кітапханасында «16 желтоқсан-Қазақстан Республикасының тәуелсіздік күні» тақырыбына кітаптар көрмесі жасалып, оқушылар өздеріне керекті мәліметтерді қандай кітаптардан алуға болатындықтарын біле алды.



Тәуелсіздік тақырыбына «Қазақстан-тәуелсіз ел» атты суреттер көрмесі ұйымдастырылды, көрмеге жауапты сурет пәнінің мұғалімі Арыков Нурмағамбет Тиешұлы болып бекітілді. Сурет арқылы оқушыларымыз туған елге деген

сүйіспеншіліктерін жеткізуге тырысты. Сурет байқауы болғандықтан жеңімпаздар анықталып, қорытынды саптузеуде марапатталды.

Желтоқсанның 10-ы күні «Әлемдік саясатты өзгерткен желтоқсан көтерілісі» тақырыбында 5-9 сынып оқушылары үшін дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Дөңгелек үстел барысында оқушылар желтоқсан оқиғасы туралы өз ойларын ортаға салып, қыршыннан қиылған желтоқсан боздақтары жайлы толығырақ мәліметтер алды.



Сабақ кестесі бойынша сынып сағаттары өткізілді. Сынып сағаттарында сынып жетекшілер оқушыларға желтоқсан және тәуелсіздік туралы мәліметтер беріп, сабақтарын түрлендіріп өткізді. Бастауыш сыныптарында «Менің тәуелсіз елім» аясында өткен сынып сағаттарына оқушылар белсене қатысып, өз шығармашылықтарымен әрлендіре түсті.



Мектепалды даярлық сынып оқушыларымен 16 – желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай сынып сағатын өткізілді.





Бұл сынып сағатының өткізу мақсаты оқушылар өз Отаны туралы мәліметтер алады, Тәуелсіздікке қол жеткізген Қазақстан туралы білімдерін кеңейтеді, шығармашылық қиялдары дамиды.

Балалар Тәуелсіздікке жаттаған тақпақтарын айтты. Тосын сый арқылы келген қонақтың сұрақтарына жауап бере отырып, «Көк тудың» желбірегені әнін орындадық. Сабақ соңында «Көк ту және оның достары» туралы шағын мультфильммен аяқтадым.



Жоғарғы сыныптарда сынып сағатары жарыс түрінде және дөңгелек үстел түрінде өткізілді.

7-8 сынып оқушыларымен 16 – желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай сынып сағаты өткізілді. Сынып сағатында оқушыларға бізге тәуелсіздіктің оңай келмегенін оның жолында қанша боздақтардың құрбан болғаны жайлы толығымен мәлімет бердім. Сынып сағатына оқушылар өте жақсы белсене қатысты. Өздерінің ойларын ақ қағаз бетіне түсірді. Тәуелсіздіктің құрбаны болған Қайрат, Сабира, Ерболдардың ерлігін айтып, өздеріне мақтан тұтты. Сабақ барысында өзіміздің мемлекеттік нышандарымызбен тағы бір мәрте таныстырып өтті.

Желтоқсанның 12-сі күні бастауыш сыныптарға арналған «Көңілді старт» спорттық ойын түрлері өткізілді. Дене шынықтыру пәнінің мұғалімінің ұйымдастыруымен өткізілген іс-шараға оқушылар қуана қатысты. Іс-шара өте жақсы деңгейде өткізілді.



15 желтоқсан күні 16 желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай «Жас Ұлан» мен «Жас Қыран» балалар мен жасөспірімдер ұйымына мүшелікке қабылдау рәсімі өтті

«Жас Ұлан» мен «Жас Қыран» ұйымына қабылданушылар ант беріп, «Жас Ұлан» гимнін орындады. Ұстаздар туымыз түстес, көк галстуктер мен төсбелгілерін тақты. Салтанатты сап түзеуді 5-6 сынып оқушыларының «Жаса, Қазақстан» әнімен аяқтадық.



Биылғы 2021-2022 оқу жылғы құқықбұзушылықты алдын алу жоспары талқыланып, мектеп басшысымен бекітілді. Оқу тәрбие жұмысында тәртіп бұзушылықпен, жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында алдымен мектеп оқушыларын жоспармен танысу жұмыстары жүргізіп, сабақтан себепсіз қалып отырған оқушыларды анықтау жұмыстары жүргізілді, қазіргі кезде себепсіз қалатын оқушылар жоқ. Қараша, желтоқсан айларында 8-9 сынып оқушыларымен құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында «Оқушылардың құқықтық жауапкершілігін арттыру» тақырыбында Кеңестің отырысы, 1-9 сыныптарда Мейірімділік сабақтарын сынып жетекшілері өткізді. Медбикенің сынып жетекшілермен жеке сұхбаттасуы болды. 1-2 сыныптарда «Мен оқушымын» әңгімелесу, қараша айында 5-9 сыныптарда «Өз беделің өз қолыңда» әдеп сабақтары, қараша айында. Сонымен қатар «Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу» барысында мектепшілік іс-шара жоспар бойынша өтуде. Медбике 5-9 сынып аралығында «Жасөспірімдердің дене дамуы және гигиенасы» тақырыбында және зиянды заттар туралы бейне таспа көрсетті. Осы іс-шара жоспары негізінде көптеген оқушылар үйірме,

секциялар оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында спорттық жарыстар, ойындар т.б. өткізілді. Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасар және сынып жетекшілер сабаққа кешігу, сабақ процесінде кішігірім тәртіпсіздіктер мәселесін қарап, түсінік жұмыстарын жүргізіп отырды. Қазіргі таңда есепке алынған оқушылар біздің мектепте жоқ. Мектепке оқушылар жақсы көңіл күймен келеді, оқушылар арасында бопсалау жоқ. Бір-бірімен жақсы қарым қатынаста.

Мектебіміздің жылдық жоспарына сай жаңа жылға арналған сынып сағаттары жоспарға сай өткізіліп, мектебіміздің демеушілерінің көмегімен бастауыш сынып оқушыларына тәтті сыйлықтар таратылды.



Қыс мезгіліндегі қауіпсіздікті сақтау мақсатында ата-аналар мен оқушыларға қашықтықтан түсіндіру жұмыстары өткізілді.






Оқушылардың қысқы демалысын тиімді ұйымдастыру үшін жоспар құрылып, балалармен қысқы ойын түрлері өткізілді. Қысқы демалыс іс шаралары қашықтықтан ұйымдастырылып өткізілілді, жауапты мұғалімдер іс шараларды қашықтықтан өткізді.

Қаңтар айында жоспар бойынша экологиялық мәдениетті қалыптастыру мақсатында «Менің ауылым» тақырыбында фотосуретшілер сайысы өтті. Фотосуреттер мектеп парақшасына салынды.





Сайыстың қорытындысы бойынша 1-орынға 6-сынып оқушысы Есмағанбет Ақниет, 2-орынға Жолданғарова Аққу, 3-орынға Оразбай Жанерке ие болды.

Адамгершілік мәдениетін қалыптастыру бағытында «Ахмет Байтұрсыновтың 150 жылдығы» тақырыбында іс-шара өтті. Мақсаты: Ахмет Байтұрсыновтың өмірі мен шығармашылығымен оқушыларды таныстыру, түсінік беру. Оқушылардың сұрақ қоя білулерін, оқығанды жеткізе білуге, тілдік қорларын дамытуға бейімдеу. Оқушыларды А. Байтұрсыновтың шығармаларын оқыта еңбексүйгіштікке, білімге құштарлыққа, мейірімділікке тәрбиелеу.



Адамгершілік мәдениетін қалыптастыру бағытында «М.Мақатаевтың туғанына 90 жыл» тақырыбында іс-шара өтті. 5-9 сынып аралығындағы оқушылар қатысты. Мақсаты: Оқушыларды қазақтың лирик, мұзбалақ ақыны, өз заманында лайық бағасын ала алмаса да өзінен кейінгілер үшін мәртебесі биік ақиық ақын атанған Мұқағали бейнесімен таныстыру.

Оқушының шығармашылық ізденісін қалыптастыру. Халқына қалдырған шоқтығы биік туындыларына шәкірт жүрегінде сүйіспеншілік сезімін ояту, үлгі алуға, құрметтеуге тәрбиелеу.





«Ауған соғысының жаңғырығы» атты іс-шара өтті. Мақсаты: «Ауған соғысы» жайлы тереңірек біліп тану, соғыс ардагерлері туралы мәлімет алу. Ауған соғысының ардагерлерін құрметтеу, жас ұрпақтың патриоттық сезімдерін оятып, Отан үшін отқа түсіп қыршынынан қиылған, жат жерде көз жұмған Қазақстан азаматтарын еске алу, жауынгерлердің қысқа ғұмырынан үлгі-өнеге, дамыту, елжандылыққа, отансүйгіштікке, ізгілікке баули отырып тәрбие беру. Ауған соғысы туралы мағлұмат берілді. Слайд пен бейнеролик көрсетілді.





8- наурыз халықаралық әйелдер күніне орай «Ана – өмір тірегі» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. Мақсаты: Оқушыларға ата - ана алдындағы парыз бен қарыздары туралы түсінік беру. Мейірімділікке, сый - құрметке тәрбиелеу, ұлтқа тән жақсы қасиеттерді қалыптастыру.





«Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша «Кітап менің досым» тақырыбында буккроссинг ұйымдастырылды. Мақсаты: оқушылардың кітапқа деген сүйіспеншілігін арттыру, кітап оқуға құмарлығын, кітап оқу арқылы олардың сөздік қорын, ой — өрісінің дамуын, рухани байлығын, кітап оқуға қызығушылығын арттыру.




Этномәдениетті қалыптастыру бағыты бойынша «Қазақтың салт-дәстүрін білесің бе?» тақырыбында іс-шара өтті. Мақсаты: оқушылар бойына халқымыздың рухани байлығын сіңіру, ұлтымыздың дәстүрлерінен үлгі алу. Оқушыларды ұлттық салт-дәстүр үлгісіне тәрбиелеу. Іс-шараға 5-9 сыныптар арасындағы оқушылар қатысты.





Этномәдениетті қалыптастыру бағыты бойынша «Қош келдің, Өз-Наурыз!» тақырыбында сынып сағаттары мен қашықтықтан іс-шаралар өтті. **Мақсаты:** Өз Наурыз еңсесі биік елдіктің, іргесі сөгілмес бірліктің, ынтымақ пен ырыстың мерекесі екендігін және қазақ халқының шығармашылық дәстүрлері, ауыз әдебиетінің мұраларымен таныстырып, олардың тарихи маңызын түсіндіру. Халқымыздың салт-дәстүрлерін дәріптеу арқылы оқушыларды еліне, жеріне деген сүйіспеншілікке, адамгершілікке тәрбиелеу.



Наурыз айында “Адамгершілік – адамдықтың белгісі” атты әдеп сабақ өтті. **Мақсаты:** Оқушыларға адамдық асыл қасиеттерді қастерлеп, өмір заңдылықтарын білуге үйрету;

Адамгершілік қасиеттерге бағыттай отырып, оқушының рухани білімін байыту, логикалық ойын дамыту, ойын еркін, дәлелді түрде жеткізе білуге жетелеу; Адамгершілік қасиеттерді сезіне білуге және үлгі ете білуге тәрбиелеу, имандылыққа, инабаттылыққа баулу.

Көрнекілігі: интерактивті тақта, нақыл сөздер, техникалық құралдар, гүл, шарлар.

«*Б.Момышұлы –батыр тұлға 110 жыл*» тақырыбында танымдылық сағаты өткізілді. Оқушыларды Ұлы Отан соғысында ерлік көрсеткен қазақ батыры Бауыржан Момышұлының өмірі мен ерліктері, айтқан нақыл сөздерімен таныстыру. Бейнекөрініс тамашаладық «**Б.Момышұлының өз даусы**» Б.Момышұлының қаламынан шыққан шығармаларымен таныстырылды

“Тазалық-денсаулық негізі” тақырыбында танымдық сабақ өтті.Мақсаты: Денсаулықтың адам өмір сүруі үшін аса қажеттілігін, оны сақтай білудің адам өміріндегі маңызы, микробтардың ағза қауіптілігін, кір қолдың қандай ауруларға ұшыратынын, жұқпалы аурулардан сақтану жолдарын түсіндіру. Оқушыларды білімділікке, салауаттылыққа өмір сүруге баулу. Оқушылардың өз ойларын айта білуі, өздері ой - түйін жасай білу дағдыларын дамыту. Денесін шыңдауда шымыр да шапсаң ұқыпты да жинақы, ортаны таза ұстап аялауға, өз денсаулығын күте білуге, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.

Сабақтың көрнекілігі: слайдтар, суреттер, нақыл сөздер, мақал - мәтелдер, тыйым сөздер.

“Этнограф Ақселеу Сейдімбекке-80 жыл тақырыбында танымдық сабақ өтті.Мақсаты: Білімділік: Арқаның алтын сандығы жерлес қаламгер Ақселеу Сланұлы Сейдімбектің өмірі мен шығармашылығын жан - жақты тану, көркем әдебиетке қызығушылығын арттыру.Алаштың Ақселеуінің прозасы мен зерттеулерінің өзіндік ерекшелігін ұғындыру, жерлес қаламгеріміздің даралығын танытып, шығармаларын жатқа айтуға баулу.Ақселеу шығармашылығының тереңдігін сезіндіру, адамгершілік, ұлтжандылық эстетикалық, өнерпаздық тәрбие беру.

«*Ұлттық теңге-елдігімнің белгісі*».

*Сабақтың негізгі мақсаты*-Қазақстанның ұлттық ақшасына көшу тарихы, оның маңызын түсіндіру. Төл теңгенің тарихы, өз ұлттық теңгеміздің айналымға кіруі, қалай, кімдер жасағаны туралы мағлұмат беру. Оқушылардың Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде қол жеткізген жетістіктеріне мақтаныш сезімдерін ояту. Сабақ барысында *Кальжан Ақерке* дайындаған баяндамасымен таныстық. Баяндама оқылып болған соң,оқушылар тапсырмалар орындады.

.“Жаман әдеттен сақтан” тақырыбында танымдық сабақ өткізілді. Мақсаты: Шылым шегудің адам ағзасына тигізетін зиянды әсері. Мұндағы мақсат шылым шегудің зиянды әсерлерін ашу,оның салдарынан туатын аурулар туралы оқушылар білімін арттыру. Көрнекілігі:стенд,нашақорлықты бейнелейтін суреттер,мақал-мәтелдер,нақыл сөздер.

Сәуір айында ескерткіштер мен тарихи орындардың халықаралық күніне орай «Ескерткіштер – ел тарихы»тақырыбында сыныптан тыс іс-шара өтті.

Мақсаты:Ескерткіштер туралы оқушыларға мағлұмат беру, түрімен таныстыру, көненің көзі, болашаққа аманат екенін түсіндіру.Ұлттық тарих үшін ерекше маңызы бар елеулі мәдени-тарихи және сәулет ескерткіштері арқылы оқушыны ұлтжандылыққа тәрбиелеу.



12 сәуір ғарыш күні «Елім деп туған ерлер бар» тақырыбында сыныптан тыс іс-шара өтті. Мақсаты: Тұңғыш ғарышкерлерімен және Қазақстан ғарышкерлерімен таныстыру. Оқушылардың Отанына деген сүйіспеншілігін арттыру, еңбекқорлыққа, адамгершілікке, өз елінің батырларын құрметтеуге тәрбиелеу.



9 мамыр жеңіс күніне орай сынып сағаттары өтті. Мақсаты: Оқушыларды Ұлы Отан соғысымен, қазақстандықтардың ерлік істерімен таныстырып, ой - өрісін дамыту.

Оқушыларды адамгершілікке, отанын сүйуге, үлкенді сыйлай білуге, оларды қадірлеуге, отанына патриот болуға тәрбиелеу.





Көркейту-көгалдандыру мақсатында таза бейсенбілік болды. Оқушылар белсенділік танытып бір кісідей ат салысып мектеп манын тазартты.



25 мамыр күні мектеп ауласында соңғы қоңырауға арналған сап түзеу өтті. Мақсаты: Бітірушілерге арналған соңғы қоңырау күніне орай сыныптан тыс шараны ұйымдастыра отырып, оқушылар мен қатысушыларға білімнің сара жолы мектептен басталатынын, өмірге жарқын жол ашатынын сезіндіру. Күтілетін нәтиже: Оқушы мектептен арасындағы өзара байланысын түсінеді. Ұстаз еңбегіне деген құрметтері артады. Өзіне деген жауапкершіліктері артады.

Жоспары

1. Түлектерді қарсы алу
2. Мектеп директорының құттықтауы
3. Ата-аналар комитетінің құттықтауы
4. Сынып жетекшілер сөзі
5. Бітіруші түлектер лебізі
6. Соңғы қоңырау соғу рәсімі.



Қорыта айтқанда оқушылардың патриоттық сезімдерді жеткізе білсек, оқушының көкейіне патриотизм туралы ой сала білсек, үлгі көрсетсек, онда заманға сай, қоғамға керекті азамат, отансүйгіш, елсүйгіш азамат, елге қызмет ететін қайраткер тәрбиелейміз. Оқушылардың жазғы демалысын тиімді ұйымдастыру үшін мектеп алаңында бастауыш сыныптар үшін бір мезгіл ыстық тамақпен қамтыйтын лагерь ұйымдастырылды. Лагерьде оқушыларға ұлттық тәрбие беру негізгі бағыттың бірі болып көзделіп отыр, осы бағытты негізге ала жоспар құрылды. Мектебімізде биылғы оқу жылында 33 оқушы білім алып, тәрбиеленуде, соның ішінде 12 Жас Ұлан мүшесі мен 3 Жас Қыран мүшесі бар.

Ата-аналар мен оқушыларға жаз мезгіліндегі қауіпсіздік шараларын сақтау жолдары тақырыбында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Дайындаған: Тәрбие ісінің меңгерушісі Калиева Г.Т.